

"Туу, өлім және перенатальдық өлім оқиғаларын куәландыратын медициналық құжаттарды енгізу туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2505 тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 664 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 5 қаңтардағы N 03 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2677. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 27 тамыздағы N 520 Бұйрығымен

*Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.27. N 520 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.*

"Келісілді"

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрінің м.а.

Қазақстан Республикасы  
Статистика жөніндегі  
агенттігінің төрағасы

13 қаңтар 2004 жыл

16 қаңтар 2004 жыл

Медициналық ұйымдарда туу, өлім және перинатальдық өлім оқиғаларын куәландыратын бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуді ретке келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Туу, өлім және перинатальдық өлім оқиғаларын куәландыратын медициналық құжаттарды енгізу туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2505 тіркелген, "Ресми газеттің" 2003 жылғы 25 қазандағы N 43 санында жарияланған) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 664 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген туу, өлім және перинатальдық өлім оқиғаларын куәландыратын медициналық құжаттарды толтыру, беру жөніндегі  
Н ұ с қ а у л ы қ т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өлі туғандар - жүктіліктің 28 және одан да көп аптасында, салмағы 1000 грамм және одан да көп және бойы 35 см және одан да көп және тіршілік белгісі

болмаған жағдайдағы ұрықтану өнімін ананың ағзасынан толық алу немесе шығарып алғанға дейінгі баланың өлімі;

2) перинатальдық кезең - жүктіліктің 28 аптасынан басталады, оған босану кезеңі қосылады және жаңа туған нәрестеге 7 күн толғанда аяқталады";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) тірі туу - жүктілікке 28 апта болғанда ананың ағзасынан баланы толық алу немесе нәрестені шығарып алу (нәрестенің бойы 35 см және одан да көп, салмағы 1000 грамм және одан да көп), туғаннан кейін, анасынан бөлінгеннен кейін демалатын немесе жүректің соғуы, кіндік тамырының соғуы, немесе дене құрылысының қимылдауы, немесе жүктіліктің 28 аптасына дейін туған нәресте (яғни бойы 35 см және салмағы 1000 граммға дейін), 7 тәуліктен (168 сағат) өмір сүрген тіршіліктің өзге де белгілерін білдіретін тіршілік иесі."

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау вице-министрі С.Ә. Діқанбаеваға жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*Д е н с а у л ы қ      с а қ т а у      м и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*